

Бекітемін:



Мәжіліс мүшесі
Мамбобекбай-
менгерушісі
Сейдалиева

Тақырыбы: Отбасы мен балабақша бірігіп.



«Шұғыла» тобы

Тәрбиешілер: Бегалиева.А
Манашева.А

Шымкент 2022ж

Тақырыбы: Отбасы мен балабақша бірлігі.

Балалық шақ – адам өміріндегі ең маңызды да, ерекше уақыт. Сондықтан осы кезді тиімді пайдалану өте маңызды. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деп талай ғасыр бұрын Платон бекер айтпаса керек. Қай кезеңде болсын ұрпақ тәрбиесі бәрінен де маңызды. Міне, осы тақырып бүгінде де бізді қатты ойландырып, толғандырып отырған жайы бар. Дәл қазіргі жағдайда қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз деген сұрақ туындайды.

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс тәрбие мен білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де кателесуге қақымыз жоқ. Бала - әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

Ата-аналар өз балаларының басты тәрбиешілері болып табылады. «Ұяда не көрсен ұшқанда соны ілесін» деді халық даналығы. Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы: қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірі шуағын сезетін орын. Отбасында барлығы жақсы болған жағдайды – балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму әлеуетіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастық – баланың қанаттану деңгейі мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырады.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың түрлері мен әдістері олардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығына және тәрбие жұмысының әлеуетін арттыруға бағытталған.

Қазіргі заманның ата-аналарына көмек көрсету қажет, өйткені педагогика мен психология жөніндегі білімдердің болмауы қателіктерге, түсініспеушілікке де тәрбиенің нәтижесіздігіне әкеліп тірейді. Сондықтан да балабақша педагогтарының негізгі күштері ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін жоғарылату бағытталған. «Тәй-Тәй» технологиясының отбасыны педагогикалық ағарту бойынша жұмыс нысандарының бірі ата-аналар жиналысы болып табылады. С қандай болуға тиіс? Осындай жиналыстарда шаршаған ата-аналардың көңілін жандандыратын және сұхбаттардың мәнін анағұрлым жеңіл есте сақтауға

Балаларды еңбек түрлерімен және кәсіптермен таныстыру. Ұжымдық еңбекті тағулықпен ұйымдастырып атқаруға үйрету. Еңбектің әр түріне баланың қызығушылығын ояту, ұжымда еңбек етуде белсенділік, ынта ықыласын көрсетуді қолдау. Өз қолымен жасаған еңбегіне қуаныш, мақтаныш сезімін тудыру. Еңбекке қызығушылығын тәрбиелеп жағымды көзқарас тудыру. Өзіне қызмет етуі балабақшада және отбасында өз бетінше еңбекке араласу, яғни үлкендерге көмектесу.

Еңбек етуге жат қылықтар: Еріншектік, жалқаулық, шалағайлық, ұқыпсыздыққа жиренуге баулу, яғни жол бермеуге тәрбиелеу. Бақыт адамға еңбек арқылы келетінін ұғындыру.

Гүл өсірсең терлеп,

Бұның аты – еңбек.

Кесте тіксең зерлеп,

Бұның аты — еңбек.

Қиындықтың бәрін

Еңбек қана жеңбек, деген өлең жолдарын айта отырып болашақ біздің ізбасарларымыз жас жеткіншектерге «Еңбек түбі – береке», «Еңбек ер атандырады», «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» екенін айтқым келеді.



Хаттамасы №1

Қатысқаны: 5

Қатыспағаны:

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама « Отбасы мен балабақша бірлігі»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бала бақша әдіскері сөз алды. Әдіскер Г.Тукушева топтағы ата-аналарды бір-бірімен санымен қатар топ тәрбиешілері мен Ж. Пернебай Г. Тургамбаева мен таныстырды. Ендігі кезекте ұйыдастырылған оқу қызыметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Манашева.А « Отбасы мен балабақша бірлігі» баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Буркитбаева Лаура баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстрып ата-аналар комитетінің мүшелрін сайлауға шақырды.

Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Буркитбаева Лаура деп шешті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған таларты өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Буркитбаева Лаура болсын.

Төрайымы:  Манашева.А

Хатшы:  Сайфулла.А